



010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті
Мәжілісі депутаттарына

2024 жылғы 1 ақпандағы
№ ДС-33 сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамытуды ынталандыру шараларына қатысты.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы техникасының техникалық паркі тез жаңартылмайды. Машина паркінің тозуы 76% құрайды, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинауда шығындарға және жөндеу мен ЖЖМ-ге қосымша шығындарға әкеледі.

Инвестициялық шығындарды субсидиялау және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау ретінде машина-трактор паркін жаңартуды жеделдету үшін Министрлік қабылдайтын мемлекеттік қолдау шаралары өзінің тиімділігін көрсетеді.

Егер 2017 жылы ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту деңгейі небәрі 1,9% құраса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша деңгей 4,5%-ке дейін ұлғайды. Алайда бұл жеткіліксіз, осыған байланысты Мемлекет басшысы машина-трактор паркін жаңарту деңгейін 8-10%-ке дейін көтеруді тапсырды.

Шаруалар тарапынан ауыл шаруашылығы техникасына үлкен сұранысты ескере отырып, инвестициялық шығындарды субсидиялау және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға арналған кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламаларының бюджеттері (2022 жылмен салыстырғанда) тиісінше 72 млрд. теңгеден 124,4 млрд. теңгеге дейін (72% -ке) және 43,2 млрд. теңгеден 85,2 млрд. теңгеге дейін (97%) ұлғайтылды.

Айта кету керек 2023 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Инвестсубсидия қағидалары), АӨК саласы үшін ауыл шаруашылығы техникасының басым түрлері үшін субсидиялардың жоғары нормативін белгілеу бөлігінде 1 «Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу» және 1.1 «Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алу» паспорттарының жобаларына өзгерістер енгізілді.

Атап айтқанда Инвестсубсидия қағидаларын 1.1 «Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алу» паспортының жобасы бойынша жоғары нормативпен (30%) ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының басым түрлері, оның ішінде аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы техникасы субсидияланатын болады.

Ауыл шаруашылығы техникасының басым түрлерінің тізбесін мемлекеттің өнеркәсіптік даму саясатына сәйкес ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі белгілейді, бұл отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте республика аумағында ауыл шаруашылығы техникасы түрлерін өндірудің аналогтары болған жағдайда импорттық техника үшін субсидия нормативі 15%-ті құрайды.

Республика аумағында аналогтары жоқ ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бойынша Инвестсубсидия қағидаларында оның құнын өзектендіре отырып, 25% субсидия нормативімен шығындарды өтеу көзделген. Атап айтқанда, қант қызылшасын, картопты және жеміс-көкөніс дақылдарын өндіру және жинау бойынша мамандандырылған техника бойынша өндіріс еліне қарамастан 25%-тен 50%-ке дейін субсидия нормативі көзделген.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингін қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселесі пысықталатын болады.

2023 жыл ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 20,0 млрд.теңге сомасына азық жинау техникасының жеңілдікті лизингін қаржыландыру бағдарламасы іске асырылды.

Бұдан басқа «Жасыл даму» АҚ қорынан ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингіне 20,0 млрд. теңге бағытталды. Аталған қаражатты араластыруды ескере отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 25,0 млрд.теңге сомасына ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизинг бағдарламасы іске асырылуда.

Ағымдағы жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ны одан әрі қаржыландыру үшін 2024 жылғы республикалық бюджеттен 100 млрд. теңге мөлшерінде, түпкілікті қарыз алушы үшін 6%-тен аспайтын жеңілдікті мөлшерлеме бойынша ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке сатып алуды қаржыландыру үшін қаражат бөлу жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Барлық бюджеттік рәсімдер жүргізілгеннен және келісілгеннен кейін жаппай агротехникалық жұмыстардың басталуына қарай ауыл шаруашылығы

техникасының жеңілдікті лизингін қаржыландыруды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығы техникасы паркінің болуы базасын қалыптастыруға қатысты

Қазіргі уақытта Министрлік «Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі «АТМТ» АЖ) тіркелген ауыл шаруашылығы техникасының жай-күйіне (шығарылған жылы бойынша) талдау жүргізді.

Жүргізілген талдауға сәйкес «АТМТ» АЖ-да 196,7 мың бірлік трактор мен 45,9 бірлік комбайн есепте тұр.

Сонымен қатар өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының паркін түгендеу «АТМТ» АЖ базасында 1940-1990 жылдары шығарылған тракторлар мен комбайндардың болуын көрсетеді.

Бұл техниканың көп бөлігі физикалық параметрлер бойынша әлдеқашан істен шыққан, оның жасы бірнеше ондаған жылдардан асады.

Ауыл шаруашылығы техникасын тіркеуді облыстардың және аудандардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жүзеге асыратынын ескере отырып, Министрлік «АТМТ» АЖ базасында өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау нәтижелері бойынша ЖАО шығарылған жылы 20 жылдан астам ауыл шаруашылығы техникасы санатына түгендеу жүргізу жөніндегі нысаналы индикаторларды жеткізді.

ЖАО түгендеу нәтижелері бойынша «АТМТ» АЖ базасында өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының болу базасы өзектендірілетін болады.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) Министрлікпен бірлесіп, 2025 жылы ауыл шаруашылығы санағын өткізуге дайындық жұмыстары басталды.

Ауыл шаруашылығы санағы шеңберінде республиканың ауыл шаруашылығы құрылымдарында ауыл шаруашылығы техникасы паркінің (тіркеме және аспалы техниканы қоса алғанда) болуы мен жай-күйі бойынша толық және анық ақпарат алу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта Министрлік Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары, жеке кәсіпкерлер үшін ауыл шаруашылығы техникасы паркінің болуы мен жай-күйі бойынша сауалнама бөлігінде сауалнама жобасын пысықтап, келіскен.

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі**

А. Сапаров



010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

Депутатам Мажилиса
Парламента
Республики Казахстан

На запрос № ДС-33
от 1 февраля 2024 года

Уважаемые депутаты!

Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев Ваш депутатский запрос, сообщает следующее.

Касательно мер стимулирования развития отечественного сельхозмашиностроения

На сегодня технический парк сельхозтехники обновляется не так быстро. Износ машинно-тракторного составляет 76%, что приводит к потерям в валовом сборе сельхозкультур и дополнительным затратам на ремонт и ГСМ.

Принимаемые Министерством меры господдержки для ускорения обновления машинно-тракторного парка как субсидирование инвестиционных затрат и субсидирования ставок вознаграждения по кредитам и лизингу на приобретение сельхозтехники, показывают свою эффективность.

Если в 2017 году уровень обновления парка сельхозтехники составлял всего 1,9%, то по итогам 2023 года уровень увеличился до 4,5%. Однако этого недостаточно, в связи с чем Глава государства поручил поднять уровень обновления машинно-тракторного парка до 8-10%.

С учетом большого спроса на сельхозтехнику со стороны аграриев, бюджеты программ субсидирования инвестиционных затрат и субсидирования ставок вознаграждения по кредитам и лизингу на приобретение сельхозтехники увеличены (в сравнении с 2022 годом) с 72 млрд. тенге до 124,4 млрд. тенге (на 72%) и с 43,2 млрд. до 85,2 млрд. тенге (97%) соответственно.

Необходимо отметить, что в декабре 2023 года в Правила субсидирования по возмещению части расходов, понесенных субъектом агропромышленного комплекса, при инвестиционных вложениях, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра сельского хозяйства Республики

Казахстан от 23 июля 2018 года № 317 (далее - Правила инвестсубсидирования), внесены изменения в проекты паспортов 1 «Приобретение сельскохозяйственной техники, машин и оборудования» и 1.1 «Приобретение приоритетных сельскохозяйственных машин и оборудования» в части установления повышенного норматива субсидий для приоритетных видов сельхозтехники для сферы АПК.

В частности по проекту паспорта 1.1 «Приобретение приоритетных сельскохозяйственных машин и оборудования» Правил, с повышенным нормативом (30%) будут субсидироваться приоритетные виды сельскохозяйственных машин и оборудования, в том числе навесная и прицепная сельхозтехника.

Перечень приоритетных видов сельхозтехники устанавливается Министерством промышленности и строительства РК, в соответствии с политикой промышленного развития государства, что позволит стимулировать развитие предприятий отечественного сельхозмашиностроения.

При этом в случае наличия аналогов производства видов сельхозтехники на территории республики, норматив субсидии для импортной техники составляет 15%.

По тем видам сельхозтехники, производство аналогов которых отсутствует на территории республики, Правилами предусмотрено возмещение затрат с нормативом субсидии 25% с актуализацией ее стоимости. Так, в частности, по специализированной технике по производству и уборке сахарной свеклы, картофеля и плодовоовощных культур, предусмотрен норматив субсидии от 25% до 50% независимо от страны производства.

Также будет проработан вопрос увеличения объемов финансирования льготного лизинга сельхозтехники.

В течение 2023 года реализована программа финансирования льготного лизинга кормоуборочной техники через АО «КазАгроФинанс» на сумму 20,0 млрд. тенге.

Кроме того, из фонда АО «Жасыл даму» на льготный лизинг сельхозтехники направлено 20,0 млрд. тенге. С учетом микширования указанных средств АО «КазАгроФинанс» реализуется программа льготного лизинга сельхозтехники на сумму 25,0 млрд. тенге.

В текущем году проводятся мероприятия по выделению средств из республиканского бюджета 2024 года для дальнейшего финансирования АО «КазАгроФинанс» в размере 100 млрд. тенге, для финансирования приобретения в лизинг сельскохозяйственной техники и оборудования по льготной ставке для конечного заемщика не более 6%.

После проведения и согласования всех бюджетных процедур планируется обеспечить финансирование льготного лизинга сельхозтехники к началу массовых агротехнических работ.

Касательно формирования базы наличия парка сельхозтехники

В настоящее время Министерством проведен анализ состояния (по годам выпуска) зарегистрированной сельхозтехники в информационной системе

«Государственная регистрация сельскохозяйственной техники» (далее – ИС «ГРСТ»).

Согласно проведенному анализу в ИС «ГРСТ» на учете находится 196,7 тыс. единиц тракторов и 45,9 единиц комбайнов.

Вместе с тем, инвентаризация парка самоходной сельхозтехники показывает наличие в базе ИС «ГРСТ» тракторов и комбайнов 1940-1990 годов выпуска.

Большая часть указанной техники по физическим параметрам давно вышла из строя, ее возраст превышает несколько десятков лет.

Учитывая, что регистрацию сельхозтехники осуществляют местные исполнительные органы областей и районов (далее – МИО), Министерством по результатам анализа парка самоходной сельхозтехники в базе ИС «ГРСТ», МИО доведены целевые индикаторы по проведению инвентаризации категории сельхозтехники с годом выпуска свыше 20 лет.

По результатам инвентаризации МИО в базе ИС «ГРСТ» будет актуализирована база наличия самоходной сельхозтехники.

Кроме того в соответствии с поручением Главы государства, Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК (далее – Бюро национальной статистики), совместно с Министерством начата работа по подготовке проведения сельскохозяйственной переписи в 2025 году.

В рамках сельскохозяйственной переписи планируется получить полную и достоверную информацию по наличию и состоянию парка сельхозтехники (включая прицепную и навесную технику), в сельхозформированиях республики.

В настоящее время Министерством совместно с Бюро национальной статистики проработан и согласован проект вопросника для сельскохозяйственных предприятий, крестьянских или фермерских хозяйств, индивидуальных предпринимателей в части опроса по наличию и состоянию парка сельхозтехники.

**Министр сельского хозяйства
Республики Казахстан**

А. Сапаров

✉ *Мұратова Н.Қ.*

☎ *тел: 555-925*

muratova.n@minagri.gov.kz

<https://legalacts.egov.kz/>